**Хаттама №4**

2020 жылғы 15 маусым күні Жалпы білім беретін И.Тайманов атындағы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы онлайн форматта болып өтті.

Қатысқандар: 13

**Күн тәртібінде:**

1. 2019-2020 оқу жылының қорытындысы

Тыңдалды:

Аталған мәселе бойынша кеңес төрағасы Н.Н.Панаев сөз алды.

- Елімізде болып жатырған жағдайға байланысты биылғы оқу жылының қорытындысы онлайн форматта болмақ. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарына сай жоспарланған шаралар өз деңгейінде өтті. Дегенмен елдегі жағдайға байланысты озат оқушыларды марапаттау шарасы өткізілмеді. Алдағы оқу жылында осы шараны өткізуді ұсынамын.

Суенова С. – кеңес мүшесі

- Кеңесіміздің мақсатына сай жетім, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету, қамқорлық акциясы сияқты шаралар өз деңгейінде өтті деп есептеймін. Алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенім білдіремін.

Хайруллин А.- кеңе мүшесі

- Биылғы оқу жылындағы жоспар бойынша жасалынбай қалған жұмыстарды жалғастыруға тырысамыз. Қандай жағдай жағдай болмасын бізбен етен жұмыс жасаған мектеп әкімшілігіне алғыс білдіремін. Жақсы күндеріміз көп болсын. Еліміздің амандығын тілейміз.

**Айтылған мәселелерді тыңдай келе қамқоршылық кеңесінің отырысы төмендегідей қаулы етеді:**

1. Қамқоршылық кеңестің 2019-2020 оқу жылындағы жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін..

**Қамқоршылық кеңес төрағасы:** **Н.Н.Панаев**

**Кеңес хатшысы:** **А.Қ.Слиханова**

**Хаттама № 4**

«И.Тайманов атындағы орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы болды.

**Атырау қаласы** **4 маусым 2021 жылы**

Қатысқандар: 13

Мектеп әкімшілігі: 4

**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектеп директорының 25.05.2021 жылғы №01-27 санды бұйырығына сәйкес, қала сыртындағы «Тұлпар» және «Тенгри Тур» компаниясы ұйымдастырған Алматы қаласындағы «Тауашар» жазғы лагеріне демалуға баратын оқушыны анықтау.

**Тыңдалды:**

- Г.Хасан - мектеп директоры. - Қалалық білім бөлімінің хабарламасына орай, мектебіміздің жетім, жартылай жетім, толық емес отбасы, аз қамтылған отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында қала сыртындағы «Тұлпар» жазғы лагеріне және Алматы қаласы «Тауашар» жазғы лагеріне оқушы жіберуіміз керектігі және оған 6-7-8 сынып оқушылары таңдалатындығын айтып өтті.

Слиханова А.Қ-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп екендігін, бірақ ата-аналармен хабарласып, бір жетім, бір көпбалалы отбасы, бір жартылай жетім отбасы баласының ата-анасы келісіп отырғанын айтты.

Дингалиева Б – әлеуметтік педагог: - Біз мектебімізде жалпы көп балалы, аз қамтылған, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған, толық емес отбасынан шыққан оқушылар бар, бірақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1 оқушы бар. Қала сыртында орналасқан «Тұлпар» жазғы лагеріне жетім бала санатынан Отар Нұрғиса мен Алматы қаласындағы «Тауашар» жазғы лагеріне көпбалалы, жартылай жетім отбасы санатынан Ғизатолла Қуаныш пен Естай Алдиярды жіберсек деген ұсынысым бар.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, «Қамқорлық» кеңесінің мүшелері қаулы қабылдайды:

3. Қала сыртында орналасқан «Тұлпар» жазғы лагеріне жетім бала санатынан Отар Нұрғиса мен Алматы қаласындағы «Тауашар» жазғы лагеріне 20 маусым мен 10 шілде аралығында демалуға көпбалалы, жартылай жетім отбасы санатынан Ғизатолла Қуаныш пен Естай Алдияр жіберілсін.
4. Осы оқушының құжаттарын жинақтап, уақытылы барып-келуіне жауапты әлеуметтік педагог Б.А.Дингалиеваға міндеттелсін.

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы:** **Панаев Н.Н**

**Хатшысы:** **Слиханова А.Қ**

**И.Тайманов атындағы орта мектебінде өткізілген қамқоршылық кеңесі отырысының Хаттамасы №1**

**Атырау қаласы** **6 қыркүйек 2021 жылы**

Қатысқандар: 13

Мектеп әкімшілігі: 4

**Күн тәртібінде:**

1. Мектебіміздің әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы оқушыларын анықтау; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» туралы қаулыны басшылыққа алу; Төтенше жағдай уақытында жұмыссыз қалған ата-аналардың отбасы жағдайын ескеру.

**Сөйлеушілер:**

**Г.Хасан-мектеп директоры:** Жыл сайын мектеп оқушыларына жалпыға міндетті оқу қорынан қаржы бөлініп отырады. Қамқоршылық кеңісі мүшелерінің қатысуымен оқушылардың статусына қарай, қажетті жабдықтарға сұраныстар беріліп, тиісінше қамтамасыз етіледі. № 64 қаулыға сәйкес үкімет тарапынан көмекке мұқтаж отбасылармен қатар, елімізде пандемия жарияланып, төтенше жағдай уқытында жұмыссыз қалған ата-аналардың да отбасы жағдайы ескеріліп, соның ішінде көмекті қажет ететін отбасыларға өтініш негізінде қажеттілігіне қарай көмек беруіміз керек деп есептеймін. Сонымен бірге ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №1032 қаулысымен түрлері мен көлемдері бекітілген кепілдендірілген әлеуметтік топтамалар беріледі.

**Б.А.Дингалиева-әлеуметтік педагог:** Қазіргі таңда 44 ата-ана құжат тапсырып отыр, соның ішінде пандемия кезінде уақытша жұмыссыз қалған және жұмыстан қысқартылған ата-аналар өтініштері қабылданды. Биылғы оқу жылында тек 6 отбасы (13балаға) АӘК алады екен. Тағы да келіп түскен құжаттар тексеріліп, қосымша тізімдер жасақталуда.

**Н.Панаев - «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:** Мектептің аталған санаттағы оқушылардың құжаттары талапқа сай жасақталып, уақтылы есебін беріп отыру керек және «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» бойынша берілетін көмектен тыс қалмауы қажет. Барлығы заң шеңберінен аспауы керек.

**Шешім:**

3. Аталған әлеуметтік көмек алатын 44 отбасының 113 оқушы тізімі жасақталып, бекітілсін. Тізім жалғансын. (қосымша №1)
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сай, осы санаттағы оқушылардың құжаттары талапқа сай жиналып, әр оқушыға жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан көмек көрсетілсін.

**Кеңестің төрағасы:** **Н.Панаев**

**Хатшы:** **А.К. Слиханова**

**И.Тайманов атындағы орта мектебінде өткізілген қамкоршылық кеңесі отырысының хаттамасы № 2**

Атырау қаласы 24 желтоқсан 2021 жыл

Отырысқа 13 кеңес мүшесі қатысты.
Мектеп әкімшілігі-4

**Күн тәртібінде:**

1.Қалалық білім бөлімі, Атырау облысы білім беру басқармасының 2021 жылғы 11 қарашадағы №03-04-01-12/3039 хатына сәйкес, мектептің әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына жаңа жылдық сыйлықтарды таратуды ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Панаев Нұрлыбек қалалық білім бөлімінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 санды хатына сәйкес, жылда өтетін қалалық шыршаның қазіргі пандемия жағдайына байланысты өтпейтіндігін айта келе, сонда да балалардың тәттісіз қалмайтындығын хабарлады. Мектебіміздің жетім, көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан балаларға жаңа жылдық сыйлықтар берілетінін айтып өтті.

**Сөйлеушілер:**

1.Қамқоршылық кеңестің мүшесі Суенова Сақыпжамал - мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалар көп, соның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 3 оқушы, жалпы мектебімізде 44 әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан – 104 оқушы бар. Енді олардың ішінен лайықты баланы талапқа сай таңдап ұсынуымыз қажет.

2. Дингалиева Б.А – Әлеуметтік педагог –мектебіміздегі әлеуметтік санаттағы оқушылар былтырғы, алдыңғы оқу жылдарында қала, облыс әкімінің дәстүрлі жаңа жылдық сыйлықтарға ие болып отырады. Қалалық білім бөлімінің хатына орай, биылғы жылы тәтті сыйлықтарға төмендегідей 15 (он бес) оқушыға берілсе деген ұсынысым бар.

| № | Оқушының аты-жөні | Туған жылы | сыныбы | Әлеуметтік санаты | Ата –анасы туралы мәлімет | Мекен – жайы, телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Отар Нұргиса | 28.04.2010 | 6 ә | Жетім | Отарова Айгүл | Абишев 75 |
| 2 | Қайдар Аида | 31.12.2008 | 7 г | жетім | Утешкалиев Кайрат | Сакпаров 39 |
| 3 | Молдағали Ақниет | 14.03.2010 | 6 г | Көп балалы | Молдагалиева Ғалия | Балауса 2-118 |
| 4 | Раметова Асемай | 10.09.2015 | 1 г | Аз қамтылған | Раметова Тұрсынай | Елубаев 9 |
| 5 | Рахметова Фатима | 29.05.2015 | 1 а | Аз қамтылған | Рахметова Ботагөз | Өркен. Еділ 12 |
| 6 | Идеят Зайнаб | 18.11.2011 | 4 в | Көп балалы | Кошмуханова Айнұр | ММС 19 |
| 7 | Аманжолұлы Нұрбек | 08.07.2014 | 1 г | Көп балалы | Зинуллина Мақпал | Жұмыскер 2 уч 55 |
| 8 | Ихсанғалиев Бақытжан | 07.06.2011 | 5 д | Жартылай жетім | Оразбаева Роза | Балауса 6-37 |
| 9 | Қоныс Айзере | 18.08.2014 | 1 б | Аз қамтылған | Сағынаева Гауһар | Сундеталиева 18 |
| 10 | Капизова Нұрайым | 12.12.2008 | 5 ж | Аз қамтылған | Капизова Қрмызы | Амантурлин 48 |
| 11 | Әбіт Айханым | 21.04.2012 | 4 в | Жартылай жетім | Балқыбаева Сауле | Балауса 7-23 |
| 12 | Марат Жанель | 20.02.2014 | 2 в | Көп балалы | Нуралиева Алмагүл | Еркінқала 2-4-21 |
| 13 | Гадим Нұртілек | 01.01.2010 | 5 ж | Аз қамтылған | Хайретдинова Айгүл | Шөреев 42 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Гадим Нұртілек | 01.01.2010 | 5 ж | Аз қамтылған | Хайретдинова Айгүл | Шөреев 42 |
| 14 | Хисым Бексұлтан | 25.10.2015 | 1 б | Көп балалы | Утепбергенова Тыныштық | Балауса 126-2 |
| 15 | Жұмажан Бақберген | 01.09.2012 | 1 г | Аз қамтылған | Алтаева Гулдаурен | Амантурлин 92 |

Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі әлеуметтік педагог-Б.А.Дингалиеваның ұсынысын дұрыс, талапқа сай шешім деп қабылдап, бір ауыздан 15 (он бес) оқушыға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар алуына қолдау көрсетті.

**қаулы:**

1. Қалалық білім бөлімінің, 2021 жылдың 24 желтоқсандағы хатына сәйкес, бөлінген жаңа жылдық сыйлықтар 15 (он бес) оқушыға берілсін.

2. Мектептен қалалық білім бөліміне сұраныс беру және оны уақытында белгіленген оқушыларға таратып беру әлеуметтік педагог Б.Д.Дингалиева міндеттелсін.

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы:** **Н.Панаев**

**Хатшы:** **А.Слиханова**